

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАРИТ ЖӘНЕ БЕНТОНИТ ӨНДІРІСІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
12 мамыр 1994 ж. N 502. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9  
ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасында барит және бентонит шығару жөніндегі жоғары  
технологиялық өндірісті ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының  
Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, "Қазақстан түсті  
металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы және "Калибар" бірлескен  
кәсіпорны әзірлеген Қазақстан Республикасында барит және бентонит өндірісін  
дамытудың 1994-1995 жылдарға арналған бағдарламасы мақұлданын.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Энергетика және отын  
ресурстары министрлігі Бағдарламаның белгіленген мерзімде жүзеге асырылуын  
қамтамасыз ететін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, "Қазақстан түсті  
металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы "Ащысай полиметалл комбинаты"  
акционерлік қоғамының босаған өндірістік алаңының бір бөлігін "Калибар"  
бірлескен кәсіпорнына беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен келіссін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1995 жылдан бастап "  
Калибар" бірлескен кәсіпорнына барит және бентонит өндірісі объектілерінің  
құрылысын жүргізу мен іске қосуға арнап Қазақстан Республикасының  
Экономиканы өзгерту қорынан қайтарымдық негізде қаражат бөлінуін  
қарастыратын болсын.

4. Ақтөбе, Жезқазған, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан  
облыстарының әкімдері Бағдарламаның жүзеге асуына жәрдем көрсетсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

